

Кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XVI сессиясының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 169 шешімі. Қарағанды облысы Қарағанды қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 26 желтоқсанда N 8-1-82 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 387 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 25.04.2019 № 387 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422 бабына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды қаласында кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне айына салық салу бірлігіне тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2007 жылғы 9 қарашадағы III сессиясының "Кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" N 24 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі N 8-1-65, "Взгляд на события" газетінде 2007 жылғы 21 қарашада N 131 (319) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың өзін-өзі басқару, экономика, жоспар, бюджет, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына (төрайымы Боранқұлова Сәния Нұртасқызы) жүктелсін.

4. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

IV шақырылған Қарағанды

қалалық мәслихатының кезекті

XVI сессияның төрағасы

Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы

В. Долинский

Қ. Бексұлтанов

шешіміне
қосымша

Рет N	Салық салу объектісінің атауы	Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	5
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	7
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	4
4.	Ойын жолы	25
5.	Карт	3
6.	Бильярд үстелі	18

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК